

Қаламгер дінін құрметтеген мұсылмандар дүниетанымында намаз оқуы үшін пайдаланатын төсеуіштің де қадірлі екенін мына сөйлемдермен береді:

... Жеке орамалың болсын деп айтты дедің бе-ай көгала! Елде-күнде жоқ нәрсені шығарады бұлар. Баяғыдан бері қазақ бір сулыққа ғана сүртіп аман келе жатыр ғой. Енді бас-басына жеке орамалың болсын дегендері не сұмдық. Жайнамаз болар ма [3,976].

Ұлттық сипаттағы кейіпкер кіл жақсы мінезден құралмайды. Әр ұлттың ішінде жақсы адам да, нашар адам да болатындай ұлттық кейіпкердің жағымдысы да, жағымсызы да болады.

**Қорытынды.** Балалық шақ әдетте уайым-қайғысыз, ең бір бақытты кез сияқты ғана көрінеді. Бірақ терең үңіліп, жіті қарасақ, қилы-қилы, аумалы-төкпелі заманға қарай балалық шақтың да өз үлесі бар. С.Жүнісовтің тарихи оқиғаларға негізделген, соғыстың зардабы мен аңқау халықты арам пиғылына пайдаланбақ болған молдалардың бейнесін танытатын «Өткен күндер белгісі» повесі. Аталмыш шығармада кейіпкер басындағы жалғыздығы, тұрмыстың қатал сынына ұшыраған кейіпкердің қарсы күресі мен бейнет өмірден кейінгі алдағы өмірден үміт етіп күтетін зейнетін аңсаған бейнедегі адамның үміті мен сенімі айқындалады. Сондықтан, оқытушы студенттерге белгілі бір тақырыпты ашу үшін, мәселені шешуде бірігіп топқа қарай кубиктің әр қырын таңдап алу арқылы өтілетін тақырып әр қырынан ашып, жан-жақты сипаттап, қорытындылауға аса тиімді әдіс.

Шығарманың мазмұнын талдай отырып, негізгі тақырыбы мен идеясын тану. Студенттерді адамгершілікке тәрбиелеу жолдарын ашу, олардың өзіндік көзқарастарын қалыптастыруға бағытталады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 *Бабанский Ю.К. Оптимизация процесса обучения: Общедидакт. аспект/. - Москва: Педагогика, 1977. - 254 с. - книга*
- 2 *Қазақ әдебиетінің тарихы 9-том. Он томдық. А, 2005, 980 бет.- кітап*
- 3 *Жүнісов С. Повесть. Әңгімелер. — Алматы: «Таймас» баспа үйі. - кітап*
- 4 <http://bilim-all.kz/olen/2103>- «Шағым» өлеңі Ж.Жабаев.

*References:*

1. *Babanski Ju.K. Optimizasia prosesa obuchenia: Obşedidakt. aspekt/. - Moskva: Pedagogika, 1977. - 254 s. - kniga*
2. *Qazaq ädebietiniñ tarihy 9-tom. On tomdyq. A, 2005, 980 bet.- kitap*
3. *Jünisov S. Poves. Äñgimeler. — Almaty: «Taimas» baspa üii. - kitap*
4. <http://bilim-all.kz/olen/2103> - «Şağym» öleñi J.Jabaev.

**МРНТИ 14.35.09**

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7804.83>

*Сағындықұлы Б.,<sup>1</sup> Кеңес Б.<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup> әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Алматы, Қазақстан*

## **ЭТИМОЛОГИЯНЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ЖАҢА ӘДІСІ: МАТЕМАТИКА-ЛОГИКАЛЫҚ ӘДІС**

*Аңдатпа*

Мақалада тіл біліміндегі жаңа әдіс, математика-логикалық әдіс туралы айтылады. Б.Сағындықұлы - этимологияны зерттеудегі жаңа әдіс, математика-логикалық әдістің негізін салушы. Математика-логикалық әдіс арқылы, сөз этимологиясын нақты және дөп басып табуға болады. Сонымен қатар, сөз этимологиясын ғана емес, “түбіртек теориясы” негізінде, кейбір білетін тілдеріміздегі негізгі сақталған базалық лексиканы пайдалана отырып, “барлық тіл бір тілден шыққан деген” теорияны дәлелдей алатындығымызды айтады.

Осы әдіс арқылы кейбір сөздердің этимологиясы көрсетіледі. Мақаладан салыстырмалы-тарихи әдістің сөз этимологиясын ашуда қауқарсыздығын байқауға болады. Сонымен қатар, сөздердің этимологиясын ашу барысында тілдегі заңдылықтардың, құбылыстардың барлығын дерлік байқай аламыз. Сонымен қоса, этимолог-ғалымдарға сөз этимологиясын ашуда, зерттеуде кешенді түрде

фонетикалық, семантикалық, тарихи, морфологиялық, генеологиялық принциптермен өзгерістерді білу қажеттігін талап етеді.

**Түйін сөздер:** математика-логикалық әдіс, этимология, лингвистика, салыстырмалы-тарихи әдіс, мағына

*Sagyndykuly B.,<sup>1</sup> Kenges B.<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup> Kazakh National University named al-Farabi,  
Almaty, Kazakhstan*

## NEW METHOD FOR THE STUDY OF THE ETYMOLOGY: MATHEMATIC-LOGICAL METHOD

### *Abstract*

The article gives a new mathematical-logical method in linguistics. B. Sagyndykovich—the founder of a new mathematical-logical method in the study of etymology. Using a mathematical and logical method, you can establish a clear and precise etymology of the word. However, he noted that on the basis of the "theory of archetypes" we can prove not only the etymology of the word, but also the theory of "the origin of all languages from one language", using the basic vocabulary of some languages.

The paper gives the etymology of some native words using this method. From the article, you can see the vulnerability of the comparative-historical method in determining the origin of the word. Moreover, when revealing the etymology of words, you can find almost all the laws and phenomena of the language. In addition, in the disclosure and research of the etymology of the word, etymologists need to know the phonetic, semantic, historical, morphological and geneological principles in a comprehensive manner.

**Keywords:** mathematic-logical method, etymology, linguistics, comparative-historical method, meaning

*Сағындықұлы Б.,<sup>1</sup> Кеңес Б.<sup>2</sup>*

*Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби,  
Алматы, Казахстан*

## НОВЫЙ МЕТОД ИССЛЕДОВАНИЯ ЭТИМОЛОГИИ: МАТЕМАТИКА-ЛОГИЧЕСКИЙ МЕТОД

### *Аннотация*

В статье говорится о новом, математико – логическом методе в языкознании. Б.Сағындыкович – основатель нового, математико – логического метода в исследовании этимологии. С помощью математико – логического способа можно установить четкую и точную этимологию слова. Вместе с тем, он отметил, что на основе «теории архетипов» мы можем доказать не только этимологию слова, но и теорию о «происхождении всех языков от одного языка», используя базовую лексику некоторых языков.

В работе дается этимология некоторых исконных слов посредством этого метода. Из статьи можно заметить уязвимость сравнительно – исторического метода в установлении происхождения слова. Более того, при раскрытии этимологии слов, можно обнаружить почти все закономерности и явления языка. Кроме того, в раскрытии и исследовании этимологии слова, ученым – этимологам необходимо знать фонетические, семантические, исторические, морфологические и генеологические принципы в комплексном порядке.

**Ключевые слова:** математико – логический метод, этимология, лингвистика, сравнительно – исторический метод, значение

**Кіріспе.** Этимология – грек тілінен аударғанда, “etymal” - ақиқат, шындық және “logos”- ілім деген екі сөзден құралған, тіл білімі ғылымының бір саласы. Этимология деген термин ертедегі Грецияда туған. Бұл терминді ең алғаш қолданушы - грек философы Хрисипп. Этимология –

сөздердің шығу тегін, сөз төркінін, тарихын зерттейтін, жауапкершілік пен мұқияттылықты, сонымен қоса шыдамдылықты талап ететін, аса күрделі де, қызықты тіл білімі ғылымының бір саласы.

Антикалық дәуірде этимология ғылымы туралы ең алғашқы болып, ежелгі грек философы Платон (427-347 ж.ж. б.д.д.) жазды. Ол этимологияны танымдық сұрақтармен байланыстыра келіп, тілдің шығу туралы проблемасында қозғаған.

Ал, Ежелгі Римде сөздің шығу төркініне байланысты сұрақтармен, танымал ғалым және грамматик Варрон (116-27 ж.ж. б.д.д.) айналысқан болатын. Оның анықтауынша, этимология – сөздердің, қайдан және неге пайда болғандығын анықтайтын, тіл білімінің бір бөлігі. Варронның сол кезде жазған еңбектеріндегі көптеген идеялар, қазіргі таңдағы этимолог-ғалымдардың еңбектерінде жалғасын тауып келеді. Тілдің дамуын қарастыра келе, ғалымның пікірі бойынша, “уақыт өте келе, тілдегі кейбір сөздер жоғалып, кейбіреулері қайтадан қолданысқа еніп, қалыптасады”. Римдік ғалым тілдегі сөздердің фонетикалық өзгерістеріне анализ жүргізуге аса мән берген. Осы зерттеу жұмыстарына байланысты, ғалым мынадай пікір айтады: “Егер кімде-кім тілдегі дыбыстардың фонетикалық өзгерістері, қалай пайда болғандығына назар аударса, сол сөз төркінін оңай анықтайды”.

Атақты итальяндық лингвист В.Пизанидің “Этимология” атты кітабында, этимологтің негізгі міндетін айтады: “найти значение слова в момент его первоначального создание”. Сонымен қатар, роман филологиясының негізін қалаушы Фридрих Дитц Пизанидің пікірін қолдайды. Оның ойынша: “Цель этимологии возвести к его первоначальной форме” - дейді.

Сөз төркінін анықтаудың қоғам өмірінде үш түрлі дәстүрі қалыптасқан:

Олар:

1. “Ғылыми” этимология.

2. “Қызықты” этимология.

3. “Халықтық” этимология деп аталады, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың біріншісі – тілдің өзіндік қатал да жүйелі заңдылығына сүйенсе, екіншісі – таным көкжиегін кеңейте түсетін, шындық пен болжам аралығынан туындайтын “қызықты” топшылар болса, үшіншісі – халық қиялынан туған шындықтан алыстау “жасанды” жорамалдар.

Қазақ халқының басынан өткерген өмірін, бай-мұрасын, тұрмыс-салтын, мәдени және рухани өміріндегі өзгерістерін, басқа халықтармен арақатынасын қазақ тіліндегі сөздердің сөз төркінін зерттеу арқылы біле аламыз.

Қазақ тілі түркі тілдеріне жататындықтан, түркология ғылымында жасалған, ең алғашқы түркі тілдеріне жасалған этимологиялық сөздіктерге тоқталып өтеміз.

Түркологиядағы этимологиялық зерттеу жұмыстары алғашқыда төмендегі негізгі 3 бағыт бойынша жүргізілді:

1) Түркі тілдеріне арналған жалпы этимологиялық сөздіктердің жасалуы;

2) Түркі тілдерінің әрқайсысына арналған этимологиялық сөздіктердің жасалуы;

3) Сонымен қатар, актив қолданыстағы сөздер мен антропоним, топоним, этноним сөздердің шығу төркіні туралы жазылған ғылыми, зерттеу мақалаларының жазылуын жатқызамыз.

Түркі тілдерінің ең алғашқы этимологиялық сөздігі – “Этимологический словарь турко-татарских языков”. Оның авторы – Будапешт университетінің профессоры Герман Вамбери. Сөздік 1878 жылы жарыққа шыққан болатын.

Сөздіктің сөз тізбегі Жүсіп Баласағұнның “Күтадғу білік” ескерткішінің шағатай тілі бойынша жасалған. Өз кезінде Г.Вамбери “түркі тілдерінің санскриті” деп атаған. Себебі, ол кезде көнетүркі руникалық ескерткіштері ғылымға белгісіз кезең болатын.

Түркі тілдерінің екінші этимологиялық сөздігі 91 жылдан кейін шыққан еді. Финдік тіл білімінің ғалымы М.Рясяненнің “Опыт этимологического словаря тюркских языков” атты сөздігі болды. Бұл кезеңде түркологияда көнетүркі және орта ғасыр ескерткіштерімен қоса, қазіргі түркі тілдері мен олардың диалектілері, говорлары туралы көптеген материалдар шыққан болатын. Бірақ, М.Рясяненнің сөздігінде қазіргі түркологияның барлық жетістіктері қамтылмады. Себебі, түркологиядағы жиналған барлық материалдарды қамту үшін, барлық түркі тілдерін білетін құрастырушылар қажет болды. Соған қарамастан, XX ғасырдың құнды, алғашқы этимологиялық сөздіктерінің бірі болып есептеледі.

М.Рясяненнің еңбегінен кейін 3 жыл өткен соң, түркі тілдерінің үшінші этимологиялық сөздігі ретінде Дж.Клосонның “Этимологический словарь тюркских языков до XIII в.” атты еңбегі шықты.

Бұл еңбектен түркі тілдері ескерткіштерінің моңғол шапқыншылығына дейінгі кезеңіндегі материалдар жинақталған.

Түркі тілдерінің төртінші этимологиялық сөздігі Дж.Клосонның сөздігінен кейін, 2 жылдан соң, советтік ғұлама ғалым Э.В.Севортянның құрастыруымен жарық көрген болатын. Э.В.Севортянның сөздігі алдыңғыларға қарағанда материалдық құндылығы жағынан - ауқымды, ал этимологиялық зерттеулері жағынан - тереңірек жазылған еңбек болды.

Түркі тілдері бойынша ең алғашқы Г.Вамбери сөздігі мен Э.В. Севортянның сөздігінің арасындағы жүз жылдық кезең тек барлық тірі лексикографиялық материалдардың жинақталуымен ғана емес, сонымен қатар салыстырмалы-тарихи лексикологияның, түркі түбірінің фоно-морфо-семантикалық құрылымы проблемасының теориялық негізделуімен, этимологиялық реконструкцияның әдістердің үнемі жетілуімен сипатталады. [5, 12].

Советтік кезеңдегі ең алғашқы этимологиялық сөздіктер, жеке түркі тілдеріне арналып жазылған этимологиялық сөздіктер еді. Бұл ғылым саласы бойынша алғашқылардың бірі болып, чуваш ғалымы В.Г.Егоров чуваш тілінің этимологиялық сөздігін 1964 жылы құрастырып шығарды. 1966 жылы қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі бірнеше автордың құрастыруымен жарық көрген болатын.

Түркітанудағы этимологиялық зерттеулердің жаңа серпін алып, келесі деңгейге көтерілуі 1981 жылы СССР ҒА. Тіл білімі Институтының түркі және моңғол тілдері секторларының “Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінің” авторы көрнекті түркітанушы ғалым Э.В.Севортянның 80-жылдығына арналған біріккен мәжілісінен бастау алды деп айтуға болады.

Бұл жиында этимологиялық зерттеулердің теориясы мен тәжірибесі кеңінен сөз болып, қатысушылар этимология мәселесін тек қана орталықта ғана емес, ұлттық республикаларда да қарқынды дамытып, зерттеу барысы мен нәтижелерінің негізінде мерзімді түрде тәжірибе алмасып тұрса деген қорытындыға келді. [5, 11].

**Әдістеме.** Ендігі кезекте ғылыми этимологияда қолданатын әдіске тоқталамыз. Бір сөздің мағынасын ашу, оны тыңғылықты түрде зерттеуді қажет етеді. Сөз төркінін ашуда бұрыннан белгілі салыстырмалы-тарихи әдіс екенін бәріміз білеміз. Европа тіл білімінен бастау алған бұл әдіс әлі күнге дейін лингвистика ғылымында қолданылып келе жатыр. Алайда, салыстырмалы-тарихи әдіс сөз этимологиясын ашуда нақты дәлдікті бере алмайды. Оған көз жеткізу үшін, қазақ тіл білімінде, түркологияда өзіндік ізі бар, филология ғылымының докторы, профессор Берікбай Сағындықұлының зерттеу жұмыстарына сүйенеміз.

Б.Сағындықұлы - этимологияны зерттеудегі жаңа әдіс, математика-логикалық әдістің негізін салушы. Математика-логикалық әдіс арқылы, сөз этимологиясын нақты және дөп басып табуға болады. Сонымен қатар, сөз этимологиясын ғана емес, “түбіртек теориясы” негізінде, кейбір білетін тілдеріміздегі негізгі сақталған базалық лексиканы пайдалана отырып, “барлық тіл бір тілден шыққан деген” теорияны дәлелдей алатындығымызды айтады.

**Тәжірибе. Бұршақ сөзі.** Б.Сағындықұлының “Қазақ тілінің тарихы” атты еңбегінде *бұршақ* сөзіне осы әдіс негізінде, сөзді алғашқы қалпына келтіреді.

Бұршақ - кішкене-кішкене домалақ мұз күйінде түсетін атмосфералық жауын-шашын. Сөз құрамынан протезалық *б* дыбысын бөлек ажыратқанда, қалған бөліктері түбіртек ретінде мағына бере бастайды: *б+ұршақ>б+ұр+ш+ақ*. Ұр – сабау, соғу, тоқпақтау ұғымдарын берсе, ақ – жоғарыдан төмен қарай жылжу ұғымында жұмсалған. Ал *ш* түбіртек сарқыншағы процестің дүркінділігін білдіріп тұр. Талдау барысында “не ұрғылап тұр” деген сұрақ туындайды. Құрамында *б* немесе *п* дыбысы бар, “домалақ” ұғымын беретін морфеманы іздестіре бастаймыз. Себебі, бұршақ сөзінің “домалақтан” басқа семалары *ұр+ш+ақ* бөлегінде қамтылған. Құрамында *п* дыбысы бар, “домалақ” ұғымын беретін сөз – доп~топ. Бұрынғы формасын қалпына келтірсек: до+б+ұр+ш+ақ. Тілімізде осы үлгіде жасалған сөздер бар ма? Су тиген соң ұн топаршақтанып қалыпты. Домаланып, түйір-түйір болып қалды деген мағынада. Топаршақ диалектілік сөз болғанымен, добуршақ үлгісінде тұр [3, 118].

*Әр тектес сәйкестіктер.* Берікбай Сағындықұлының “Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері” атты еңбегінде “Әр тектес сәйкестіктер” атты тақырыбында “*ғ~у, ғ~й*” сәйкестіктері атты тақырыпшасында қауын, қырау, бұзау сөздерінің бастапқы қалпын ашып көрсетеді. Бұл жерде Б.Сағындықұлы математика-логикалық әдіс негізінде, фонетикалық заңдылықтарды ескере отырып, “*ғ~у*”, “*ғ~й*” сәйкестіктері қате болжам екенін, ғалымдардың зерттеу жұмыстарын салыстырып көрсете отырып, дәлелдеп көрсетеді.

Жоғары оқу орындарында оқытылатын “Қазақ тілінің тарихи грамматикасы” курсы бойынша дайындалған оқулықтарда өзге сәйкестіктердің қатарында осы сәйкестіктер де аталып жүр: “Сөз

ортасында айтылған “з” дыбысы қазақ тілінде “у”-ға айналған: ағыр, ағыз, бағыр, ағна – қазақ тілінде ауыр, ауыз, бауыр, ауна болып дыбысталады. Кейбір фактілерге қарағанда “з”-ның ішінара “й”-ге ауысуы да болған: бағла – байла, йығыл – жыйыл, йығырыл – жиырыл, т.б.” деп М.Томановтың еңбегінде көрсетіледі. Ғалым бұдан кейін “з”-ның буын құрамайтын “у” дыбысына ауысуы сәйкестіктің негізгі көрінісі екенін, ал “з”-ның ішінара “й”-ге ауысуы сирек екенін ескертеді.

Б.Серебренников пен Н.Гаджиева з~у, з~й сәйкестіктеріне өзге түркі тілдерінен мынадай мысалдар келтіреді, з~у: ағыз (рот), тат. ауыз, карач.-балк. аууз; тоғ - (рождаться) к.калп. – тууды (родила), ног. – туудыр – (порождать); ғ~й: соғук (холод) азерб. – соіук; бағ ног. – баіла (вязать) карач.-балк. баіла – бәіла – (Серебренников, Гаджиева, 1986: 45-46).

“Ғ” – тілдің түбі таңдайдың артқы шеніне тиюден жасалатын ызың, ұяң фонема; “у” – еріннің бір-біріне жуысуынан жасалатын ызың ауыз жолды сонор фонема; й – тілдің қатты таңдайға жуысуынан жасалатын спирант ауыз жолды сонор фонема (Аралбаев, 1988: 47,56, 60 б.) Б.Сағындықұлы: “Бұлар акустикалық-артикуляциялық жағынан бір-біріне ұқсамайтын әр бөлек фонемалар”. Жоғарыдағыдай варианттардағы сәйкестікті “ғ”-ның ауысуы сияқты көрсетіп тұрған тетік тіпті қарапайым екенін айтады.

Қағун (дыня) (ДТС, 406); осы сөзден ең алдымен “ғ” дыбысы түсіп қалады: қаун. Бірақ қазақ тілі жүйесінде мұндай буын (+ун) болмағандықтан, “у” мен “н”-нің аралығына “ы” эпентезасы қыстырылады: қауын. Бар болғаны үнемдеу құбылысының әсері: дыбыстар орын алмастырған, басқаша айтқанда, “з”-ның орнына “у” жылжыған, “ы” эпентезасы пайда болған. Демек, “з” дыбысы “у” дыбысымен алмасқан жоқ.

Қырағу (иней, изморозь) (ДТС, 445); Көнетүркілік бұл сөз тілімізде былай қалыптасқан: “у” өзінен кейін келетін дыбыс болмағандықтан, эпентезаны қажет етпеген, түсіп қалған ғ-ның орнына жылжи салған. Сонда – қырау.

Бузағ – “теленок” (ДТС, 130);

Бузағу – “теленок” (ДТС, 130);

Бұзау – сиырдың алты айға толмаған жас төлі.

Көне түркі тіліндегі бузағу сөзі қазақ тіліндегі “бұзаудың” қалай жасалғанын көрсетіп тұрса, бузағ сөзі бузау сөзімен ғ~у сәйкестігін түзіп тұр. Дыбыстардың сәйкес келетініне қарап, “ғ” мен “у” алмасады деу қате. Мұны үнемдеу заңының әрекетінен пайда болған жай кездейсоқ сәйкестік деп түсінгеніміз жөн.

ғ~й сәйкестігі де осындай комбинаторлық орын алмасулардың себебінен қалыптасуы мүмкін. Алайда оның түзілуінде басқа заңдылықтың үлесі үлкен. “Й” түркі тілдерінің ежелгі, кейінгі дәуірлерінде бір буынды түбірлердің, қосымшалардың соңғы дыбысын жаппай ауыстырған. Сондықтан бұл сәйкестік те кездейсоқ сәйкестіктердің қатарына жатады. Түркологияда тектес сәйкестіктер мен кездейсоқ алдамшы, әр тектес сәйкестіктердің жіктеліп-ажыратылмауы осы сияқты теориялық қателіктер жіберуге әкеліп соқты. Ал, Б.Сағындықұлы математика-логикалық әдіс арқылы оңай түсіндіріп береді. [4, 85]. *Сары сөзі.* Араб тіліндегі “асфару” сөзі, орыс тіліндегі “желтый” сөздері бәрі бір кездері бір сөзден болғандығын дәлелдейміз. Араб тілінде “асфару” түрінде сақталған. Осы сөзден қалай сары сөзі пайда болды?! Қарарсызлықта болмыш меңзи сары – Тыныштықтың жоқтығына жүзі сары болды. [7, 201]. Бір қарағанда екеуінің бір мағынаны білдіретін сөз екені байқалмауы мүмкін. Асфару сөзінен “ф” және бастапқы “а” дыбыстары қазақ тілінің икемділігіне қарай түсіп қалған. Сол кезде саруболады. у~ы сәйкестігі екендігін білеміз. Сары мен желтый сөздерінен фонетикалық принцип бойынша с~ж, р~л, а~е дыбыс сәйкестіктерін анық көре аламыз. *Қарт сөзі.* Қазақ тілінде қарт (жасы ұлғайған, қартайған адам) деген сөз бар. Түбіртекке бөлсек – қ+ар+т. Осы сөздің ар түбіртегі орыс тіліндегі ст+ар+ик сөзінің құрамында кездеседі. Ал ағылшын тілі мен неміс тілінде екі түбіртегі –ар және дауысты дыбысынан айрылған жартыекеш т ұшырайды. Ағылшында – ол+д, немісте – ал+т. Ағылшын тіліне қарағанда неміс тілі түркі тілдеріне жақындау: а мен т дыбыстары бірдей. Л~Р сәйкестігі негізінде л-дің де шыққан тегін табу оңай: ар+т~қ+арт. Ағылшын, неміс туыстас тілдер. о~а, д~т сәйкестіктері негізінде олд та арт түрінде қалпына келеді. Демек, қарт сөзі де, кем дегенде, үндіевропа тілдері мен түркі тілдеріне ортақ. Ілгері замандағы түбіртектердің лексикалық немесе грамматикалық мағынасын негізінен дауыссыз дыбыстар сақтап қалған. Ал дауыстылар болса, тарихи даму барысында мың сан өзгеріп кете береді. Сөздерді түбіртектерге ажыратқанда дауыссыздарға арқа сүйеу осыдан келіп шығады.

*Ай сөзі.* Берікбай Сағындықұлы өзінің дәрістерінде ай сөзінің этимологиясын келтіреді. Араб тілінде “қамар”, орыс тілінде “луна”, қазақ тілінде “ай”.

“Қамар” сөзі араб тілінде “ай” сөзін білдіреді. “Қамар” сөзін түбіртектерге бөлетін болсақ қам+ар, сонымен қатар дыбыстық сәйкестіктер бойынша к~к, а~е варианттары шығады. Логикаға сүйене отырып, кем сөзі шығатынын көреміз. Ар түбіртегі бір заттың тұрғандығын білдіреді. Яғни, мынадай формула шығады қам~кем. Бұл жерде қамар сөзінің уәжі кеміген бір заттың тұрғандығын білдіреді. Аспандағы кеміген айды білдіріп тұрғанын түсінуге болады.

Орыс тіліндегі лунасөзінің этимологиясы да қызық. Луна сөзінің алдына то- түбіртегін қоссақ, толуна сөзі шығады. Бұдан қазақ тіліндегі толғанай сөзі шығады. Яғни, луна сөзі аспандағы айдың толған кезі бойынша аталып тұр.

*Жуа сөзі.* Бұл лексема – сабағы қуыс келетін, ұшында гул шоғы бар, жеуге жарамды ботаникалық өсімдіктің атауы. Тарихи ескерткіштерде “*соған*”(лук)(ДТС, 506). Арнайы филологиялық білімі бар мамандар болмаса, бұл екі сөзді (“соған” мен “жуаны”) бір-бірімен түбірлес деп ойламайды. Талдап көрелік. Ж~С - тектес сәйкестік. дж~тш~тс аффрикаттары арқылы төркіндеседі. Ал дауыстылардан тұратын у~о сәйкестігі туралы мынадай пікір бар: “Түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы фонетикасын зерттеушілердің қай-қайсысы да ескі түркі тілінде сөздің басқы буынында айтылған у дыбысы қазақ т.б. қыпшақ тілдерінде қысқа айтылатын, о мен у немесе у мен ыаралығында естілетін жуан дауыстыларға ауысқандығын айтады” (Томанов, 1981: 12). Автор бұған мысал ретінде қул~кұл, уруш~ұрыс, улұғ~ұлық, уйат~ұят, т.б. варианттарын келтіреді. Бұған біз мынандай ой қосар едік: ескі түркілік у дыбысы ежелгі дәуірде-ақ өзгерістерге ұшыраған. Ол көп жағдайда кейбір тілдерде жуан о дауыстысына айналып кеткен. Жоғарыда айтылғандарға сүйенсек, соған сөзінің ежелгі қыпшақ варианты - \*джуған. Даму схемасы:

\*джуған---жуған---жуға—жуа.

Оғыз варианты - \*цуған---суған---соған.

Дж аффрикатының арғы тегі – тш. Ачығ (кислый, горький) (ДТС, 4). Осы сөзге есім жасайтын – ан қосымшасын жалғасақ, ачуған – ачыған. Тектес дж~тш~тс аффрикаттары ачуған ~\*цуған (>соған) ~\*джуған (>жуа) варианттарын жақындастырады. Демек, мұның бәрі - о баста ащыұғымын беретін бір-ақ сөз.[4, 232].

*Жұмыртқа сөзі.* Б.Сағындықұлы “Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері” атты кітабында, “Әр тектес сәйкестіктер” атты тақырыпшада т, д, ж, й дауыссыздарынан р сонорының акустикалық-артикуляциялық табиғаты мүлде бөлек екенін айтып дәлелдеп көрсетеді. Ол үшін “рт” дауыссыз дыбыс тіркестері кездесетін лексемаларды жазып, түбіртектерге бөліп, мағыналарын көрсетеді. “Жұмыртқа”, “томыртқа”, “омыртқа”, “құмырсқа”, “жоңышқа”, “қабыртқа” сөздеріне қосылған –қа жұрнағының, “шегіртке” сөзіне қосылған –ке жұрнағының бұрынғы толық қалпы –қан. “Сауысқан”, “тышқан” сияқты сөздермен салыстырғанымызда бұлардан “н” дыбысының түсіп қалғанын байқаймыз. “Н” дыбысын қалпына келтірсек, көмескіленген мағыналары да айқындала бастайды. Мысалы, “жұмыртқа” сөзінің түбірі “жұм” морфемасы жұмыр, домалақ нәрсені мегзесе, “уртқан” (қазіргіше ұрған) сол домалақ нәрсенің белгілі бір қалыпта тұрғанын аңлатады.

*Табалдырық сөзі.* Б.Сағындықұлының “Қазақ тілінің тарихы” атты ғылыми зерттеу жұмысындағы, ҚазақССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтының “Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі” атты авторлар бірлескен ғылыми зерттеу жұмысындағы “табалдырық” сөзінің жасалу жолымен, мағынасына жүргізген этимологиялық талдау жұмыстарын салыстырып көрелік. Ең алдымен, “Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігіндегі” өмілдірік сөзіне жүргізген этимологиялық талдау жұмысының құрамында, табалдырық сөзіне жүргізген зерттеу жұмысына назар аударамыз. “Өмілдірік” сөзін қазақ және басқа да түркі тілдерінде –дірік (-дүрүк// -түрык// -дурук) жұрнағы арқылы жасалатын бір топ сөздің бірі ретінде көрсетеді. Сонымен қазақ тіліндегі сағалдырық, кемелдірік, мойынтұрық, табалдырық сөздеріне сақал, мойын, табан сөздері негізгі тірек болып тұр деп көрсетеді. Яғни, табалдырық сөзі табан +дырық формалары арқылы жасалып тұр дегенді түсінеміз. Енді, Б.Сағындықұлының “Қазақ тілінің тарихы” атты ғылыми зерттеу еңбегіндегі табалдырық сөзіне жүргізген, этимологиялық талдау жұмысына назар аударамыз. Жаңа фонемалардың шыққан көне тектерін өз орнына қойып табалдырық сөзін талдап көрсетеді. Қазақ үйлерінің есік мандайшасына қарама-қарсы, төменгі жағындағы жерге, еденге тиіп тұратын көлденең ағашы табалдырық деп аталатындығын көрсетеді. Заттық ұғым-түсінігі белгілі болғанымен, лексикалық мағынасы көмескіленген көне сөз екенін айтады. Бұрын бұл лексема қандай ұғымда жұмсалған десе, екінің бірі жауап бере алмайды. Бұл сөздің құрамында жіңішке дауыстылар жоқ, бірыңғай жуан дауысты дыбыстар. Бірақ екі дыбыс ұяң – б, д. Олардың шыққан тегі, қатаң жұптары – п, т. Ал ы-ның көне формасы – ұ. Жаңаның орнына көне дыбыстарды қойсақ, әрқайсысы орын-

орнына келеді: тапал тұрық деген сөз тіркесі пайда болады. Тапал “аласа” сын есімінің синонимі, диалектілерде қолданылады. Тұрық сөзінің “тұрғызылып қойылған тақтайша” екендігін түсінуге болады. Басын қоссақ: тұрғызылып қойылған аласа тақтайша. Шындыққа толық сай келеді, әрі уәжі де анықталады. Барлық дыбыстардың этимологиясын білу, осындай оң нәтиже беретіндігін көрсетеді. [3,134].

**Нәтиже мен талқы.** Сонымен, эксперимент нәтижелерін зерделей келе мынадай қорытындыға келдік: Математика-логикалық әдіс салыстырмалы-тарихи әдістің негізінде қалыптасқан жаңа әдістердің бірі. Бұл әдістің негізгі мақсаты тілдегі сөздердің шығу төркінін математикадағы жалпы негізгі ережелердің түсінігі арқылы, логикаға сүйене отырып, тілдегі болатын құбылыстарды анықтап, ең басты фонетикалық заңдылықтарды қолданып, сөздердің нақты, дәл этимологиясын анықтайды. Бұл әдісте лингвистикада іске қосуға тіліміздегі үнемдеу заңы, жуан дауыстылардың жіңішке дауыстыларға, еріндіктердің езуліктерге айналу заңдылықтары, метатеза, сіңісу, жылысу, ығысу құбылыстары, дауысты дыбыстардың да, дауыссыз дыбыстардың да шыққан тегін, арғы тегін, түпкі тегін ажырата білу тәсілдері секілді құбылыстар елеулі үлес қосады. Математика ғылымындағы белгіліні пайдалана отырып, белгісізді қалпына келтіру әдісіне сүйене отырып, жоғарыда келтірілген тілдік құбылыстардың көмегімен, сөз төркінін анықтаймыз. Бір тілдің бүкіл даму динамикасын меңгеріп, барлық заңдылықтар мен құбылыстарды кешенді байланыста қарастырғанда ғана белгілі арқылы белгісізді табуға болады. Сонымен қатар, біз математика-логикалық әдіс арқылы бір сөздің этимологиясын анықтауда тілдік дәлелдемелері жеткілікті болса, бастапқы мағынасын нақты келтіре аламыз.

**Қорытынды.** Сонымен қорыта келгенде, Б.Сағындықұлының математика-логикалық әдісі арқылы сөздердің шығу төркінін нақты анықтай аламыз. Яғни, математика-логикалық әдіс арқылы бір сөздің этимологиясын анықтауда тілдік дәлелдемелері жеткілікті болса, бастапқы мағынасын нақты келтіре аламыз. «Түбіртек теориясы» негізінде, кейбір білетін тілдеріміздегі негізгі сақталған базалық лексиканы пайдалана отырып, «барлық тіл бір тілден шыққан деген» теорияны дәлелдей аламыз. Ғылыми зерттеу жұмысы барысында, жоғарыда математика-логикалық әдіс арқылы қазақ тіліндегі байырғы сөздердің этимологиясы математика-логикалық әдіс арқылы келтірілді. Сонымен қатар, салыстырмалы-тарихи әдістің сөз төркінін ашуда қауқарсыз екендігіне көзіміз жетті. Қазақ тіл білімінде этимология саласында нақты ғылыми дәлелдемелер арқылы сөз төркінін зерттеуші ғалым, математика-логикалық әдістің негізін салушы, филология ғылымының докторы, профессор Берікбай Сағындықұлы. «Түбіртек теориясы» атты ғылыми жаңалық еңгізіп, «Әлем тілдерінің түбі бір» атты гипотезаны дәлелдеген де – профессор Берікбай Сағындықұлы. Ең бастысы бұл әдісті қолданғанда логикалық тұрғыдан ойлана отырып, тілдегі заңдылықтарды орынды қолдану қажет. Сонымен қоса, барлық тілдің бір тілден шыққандығын көрсете аламыз. Бұл көрсетілген мысалдар, математика-логикалық әдіске жалпы шолу ретінде берілді.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Мектеп, 1978- кітап
- 2 Древнетюркский словарь. – Л: Наука, 1969 - кітап
- 3 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі тарихы. – Алматы: Қазақ университеті 2011ж. 118-бет, 134 бет.- кітап
- 4 Сағындықұлы.Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы, 2005 ж. –85-86 бет, 232 бет- кітап
- 5 Қайдар Ә. Ғылымдағы гүмыр. VI том – Алматы: 2011ж.- кітап
- 6 Общезыкознание III том 1970 жыл-кітап
- 7 Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы (Филология ғылымдарының сериясы, №4 (70), 2019 жыл, 201 бет - журналдарда жарық көрген мақалалар

*References:*

1. Ahanov K. Til bilimniñ negizderi. – Almaty: Mektep, 1978- kitap
2. Drevnetürkski slovar. – L: Nauka, 1969 - kitap
3. Sağyndyqūly B. Qazaq tili tarihy. – Almaty: Qazaq universiteti 2011j. 118-bet, 134 bet.- kitap
4. Sağyndyqūly.B. Qazaq tili leksikasy damuyınyñ etimologialyq negizderi. – Almaty, 2005 j. –85-86 bet, 232 bet- kitap
5. Qaidar Ä. Ğylymdağy ğūmyr. VI tom – Almaty: 2011j.- kitap
6. Obşeeazykoznanie III tom 1970 jyl-kitap

7. Abai atyndaǵy QazǰPU-nıń Habarǵysy (Filologia ǵylymdarynyń seriesy, №4 (70), 2019 jyl, 201 bet - jurnaldarda jaryq kórgen maqalala

МРНТИ 16.01.45

<https://doi.org/10.51889/2020-2.1728-7804.84>

Рысбаев С. К.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Кыргыз Республикасынын Жазуучулар союзунун мүчөсү,  
<sup>1</sup> Бишкек, Кыргыз Республикасы

### ИЛИМИЙ ЖАНА ЭЛДИК ПЕДАГОГИКА: МЕТОДДОРУ, ПРИНЦИПТЕРИ

#### Аннотация

Макалада кыргыздын элдик педагогикасы менен илимий педагогикасынын методдору менен принциптеринин жалпылыктары тууралуу сөз болот. Автор бул категорияларга илимий багытта жана элдик ынанымда түшүндүрмө берген. Алардын бир катар окшоштуктары жана айырмачылыктары сыпатталып, салыштырылып чечмеленген.

Элдик тарбия бүгүнкү салттуу педагогиканын негизги жоболорун четке какпайт же, тескерисинче, илимий педагогика элдик педагогиканын жоболорун жерибейт, тактап айтканда, илимий педагогика элдик улуттук педагогиканын жол-жоболору менен байыт. Элдик методдор элдик жомоктордогу көрүнүштөрдүн, анын сюжеттеринин мисалында түшүндүрүлгөн. Элдик тарбиянын таасирдүүлүгүн, анын жаш муундарды тарбиялоодогу артыкчылыктары ачыкталган.

**Түйүндүү сөздөр:** илимий педагогика, элдик педагогика, методдор жана принциптер, айырмачылыктары менен жалпылыктары, элдик тарбия, метод, тип, түр

Рысбаев С.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Бишкек, Кыргыз Республикасы

### ҒЫЛЫМИ-ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА: ӘДІСТЕР, ПРИНЦИПТЕР

#### Аңдатпа

Макалада кыргыз халықтық педагогикасы мен ғылыми педагогиканың әдістері мен қағидаларының ұқсастықтары қарастырылған. Автор бұл категорияларды ғылыми тұрғыдан және халықтық сеніммен түсіндіреді. Бірқатар ұқсастықтар мен айырмашылықтар сипатталды және салыстырылды.

Қоғамдық білім беру қазіргі дәстүрлі педагогиканың негізгі қағидаларын, керісінше ғылыми педагогика халықтық педагогика принциптерін жоққа шығармайды, басқаша айтқанда ғылыми педагогика ұлттық педагогиканың процедураларымен байытылады. Халықтық әдістер ертегілердегі көріністер мен олардың сюжеттері түсіндіріледі. Халықтық тәрбиенің тиімділігі, оның жас ұрпақты тәрбиелеудегі артықшылықтарымен анықталды.

**Түйінді сөздер:** ғылыми педагогика, халықтық педагогика, әдістері мен принциптері, айырмашылықтар мен ортақтықтар, халықтық тәрбие, әдіс, форма

Rysbaev S.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Bishkek, Kyrgyz Republic

### SCIENTIFIC PEDAGOGY: METHODS, PRINCIPLES

#### Abstract

The article considers the similarities between the methods and principles of Kyrgyz folk pedagogy and scientific pedagogy. The author explains these categories from a scientific and popular point of view. A number of similarities and differences were described and compared in the article.